

Теңізде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін қажетті ресурстарға қойылатын ең төменгі нормативтер мен талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 мамырда № 16951 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.07.2025 № 282-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертуі!

Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі 156-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 02.10.2023 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Теңізде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін қажетті ресурстарға қойылатын ең төменгі нормативтер мен талаптар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.07.2025 № 282-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Теңізді тазарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қажетті материалдар мен заттарға нормативтер мен талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 189 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10838 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 13 мамырда жарияланған);

2) "Теңізді тазарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қажетті материалдар мен заттарға нормативтер мен талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 189 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 15 қарашадағы № 492 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14571 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 30 желтоқсанда жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары-
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Ө. Шөкеев

2018 жылғы 4 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
Ж. Қасымбек

2018 жылғы 27 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
Қ. Қасымов

2018 жылғы 11 мамыр

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 18 сәуірдегі
№ 130 бұйрығымен
бекітілген

Теңізде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін қажетті ресурстарға қойылатын ең төменгі нормативтер мен талаптар

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.07.2025 № 282-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы теңізде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін қажетті ресурстарға қойылатын ең төменгі нормативтер мен талаптар (бұдан әрі – Ең төменгі нормативтер мен талаптар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 156-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.07.2025 № 282-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Ең төменгі нормативтер мен талаптар теңіз объектілері мен теңіз порттарына, сондай-ақ объектілеріне 1978 жылғы Хаттамамен (МАРПОЛ 73/78) өзгертілген түзетулері бар 1973 жылғы Кемелерден ластанудың алдын алу жөніндегі халықаралық конвенцияның күші қолданылатын тұлғаларды қоспағанда, теңізге мұнайдың төгілуі тәуекелімен байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

3. Жүккөтерімділігі 2000 тоннадан жоғары өздігінен жүретін мұнай құюға арналған кемелерде мұнайдың төгілуіне қарсы күрес бойынша кеме жиынтығы – мұнай төгілуін оқшаулауға арналған құралдар көзделеді. Мұнайдың төгілуіне қарсы күрес бойынша кеме жиынтығына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 216 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6991 болып тіркелген) бекітілген Пайдаланылатын кемелерді куәландыру қағидасының 556-577 тармақтарымен белгіленеді.

4. Осы Ең төменгі нормативтер мен талаптарда пайдаланылатын ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Теңізде және сақтық- аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін қажетті ресурстарға қойылатын ең төменгі нормативтер мен талаптар

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.07.2025 № 282-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Кодекстің 155-бабының 3 - тармағына сәйкес ресурстар саны мұнайдың ықтимал төгілу деңгейіне сәйкес келуі тиіс. Мұнай төгілу деңгейлері бойынша мұнай төгілуінің болжалды көлемдері "Мұнай және газ өнеркәсібі. Теңіздік кен орындарынан өндіруге арналған қондырғылар. Тәуекелді бағалау қауіптілігін сәйкестендіруге арналған құралдар мен әдістерді таңдау жөніндегі басшылық нұсқаулар" ҚР СТ ИСО 17776:2004 сәйкес тәуекелдерді бағалау негізінде айқындалады.

6. Теңіз порттары мен объектілері бірінші және екінші деңгейлі мұнай төгілуін жою үшін осы Ең төменгі нормативтерге мен талаптарға қосымшада келтірілгеннен кем болмайтын ресурстармен жабдыкталады.

7. Теңіз порттары мен объектілерінің иелері әзірлейтін теңізде және – сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою жөніндегі дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз ету жөніндегі жоспарларда қажетті ресурстардың толық сипаттамасы қамтылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.07.2025 № 282-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Теңізде және сақтық аймағында
мұнайдың төгілуін жою үшін
қажетті ресурстарға қойылатын
ең төменгі нормативтер мен
талаптарға қосымша

Теңізде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін қажетті ресурстарға қойылатын ең төменгі нормативтер мен талаптар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.07.2025 № 282-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Теңіз порттары. Мұнай төгілуінің бірінші деңгейі

№	Ресурстар	Ресурстар саны/ көлемі/ мөлшері бойынша нормативтер		Талаптар
1	2	3		4
1		Персонал		
	мұнайдың авариялық			МАТЖ-ны, бонды орнату

1)	төгілуін жоюды басқару және басшылық беру персоналы (бұдан әрі – МАТЖ)	1 адам		және мұнай жинақтаушы орналастыру бойынша оқуы және дағдыларды меңгеруі туралы растауының бар болуы;
2)	бондық бөгеттерді орнататын персонал	2 адам		арнаулы киім мен жеке қорғану құралдарымен жабдықтау;
3)	жағалаулық нығыздалған бондық бөгетті орнататын персонал	2 адам		бондарды орнату үшін кеме палубасынан тартылады, сондай-ақ мұнай жинақтаушымен мұнайды жинау
4)	шағын көлемді жағалаулық кемеі жүргізуші	1 адам		кеме жүргізушілерде шағын кемелерді жүргізу құқығына куәлігінің бар болуы
2	Кемелер			
1)	МАТЖ үшін шағын көлемді	1 бірлік қозғалтқыш қуаты 200 ат күші немесе одан жоғары		жағалаулық бондық бөгеттерді және (немесе) сорбенттер орнату; кеме билетінің бар болуы; "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан

	жағалаулық кеме			Республикасын ың Заңына сәйкес оның өтуі қажет болған жағдайда кемені техникалық куәландырудан өтуінің бар болуы; радио алмасу ү ш і н радиобайланыст ың барлық кемелерде бар болуы; негізгі орнату кемеде кран/ көтергіш құрылғылардың бар болуы
3			Жабдық	
1)	щеткалы/диск түріндегі мұнай жинақтаушы	2 бірлік қуаты - сағатына 10 тонна немесе одан жоғары		су бетінен мұнайды жинау; төгілген мұнайдың қасиетіне, алаңына және жай-күйіне, ауа-райы жағдайларына байланысты оның типін, түрін, қуатын және санын анықтау; ASTM F1778-07 * халықаралық стандартының ұсынымдарына сәйкес іріктеу
	орнату құрал-жабдықта ры (катушкалар, күш агрегаттары , ауа компрессорлары және т. б.) бар бондық бөгеттер	300 м / 250 мм немесе одан жоғары		мұнай дағын қорғау және оқшаулауды қамтамасыз ету; төгілген мұнайдың қасиетіне, алаңына және жай-күйіне, сондай-ақ ауа-райы жағдайларына байланысты

3)	жағалаулық нығыздалған бондық бөгет	50 м		оның типін, түрін, қуатын және санын анықтау; ASTM F1523-94, ASTM F2683-11 ** халықаралық стандарттарыны ң ұсынымдарына сәйкес іріктеу
4)	з ә к і р жинақтамасы	10 бірлік		бондық бөгетті орнықтыру
5)	шлангалары бар су сорғылары, бондардың әуе камераларын толтыруға арналған үрлеу сорғылары	1 бірлік		мұнайды жағалаулық нығыздалған бондық бөгетке толтыру үшін мұнайды жуу немесе қозғау
4	Химиялық заттар			
1)	диспергенттер	0,4 м3		Қазақстан Республикасын ың Экология кодексі 398- бабының 10- тармағына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасын ың теңізінде мұнайдың авариялық төгілуін жоюға арналған диспергенттерді ң тізбесіне сәйкес диспергент түрін анықтау; қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасын ың теңізінде, және сақтық

				аймағында мұнайдың авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау қағидаларына сәйкес диспергенттерді ң қолданылуын келісу; ASTM F1413-07, ASTM F1737- 2015, ASTM F2465-05*** халықаралық стандарттарыны ң ұсынымдарына сәйкес іріктеу; диспергент: мұнай арақатынасы 1: 25
5	Өзге де материалдар			
1)	жиналған мұнайды сақтауға арналған уақытша резервуарлар	2 бірлік 10 м3		қайта ластауға жол бермеу; жиналған мұнай мен судың мөлшерінен типін, түрін, санын анықтау
2)	газ (газдар) детекторы	2 бірлік		қауіпсіздікті, газ табуды қамтамасыз ету
3)	генератор	1 бірлік қуаты 4 кВА		электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету

2- тарау. Теңіз объектілері. Мұнай төгілуінің бірінші деңгейі

№	Ресурстар	Ресурстар саны/ көлемі/ мөлшері бойынша нормативтер	Талаптар
1	2	3	4
1	Персонал		
1)	МАТЖ-ды басқару және басшылық беру персоналы	1 адам	МАТЖ-ны, бонды орнату және мұнай жинақтаушы орналастыру бойынша оқуы және дағдыларды

2)	бондық бөгетті орнататын персонал (егер МАТЖ-дың негізгі кемесінде бүйірлік орнату және жинақтау жүйесі болмаса)	2 адам	меңгеруі туралы растауының бар болуы; арнаулы киім мен жеке қорғану құралдарымен жабдықтау; бондарды орнату үшін кеме палубасынан тартылады, сондай-ақ мұнай жинақтаушымен мұнайды жинау
2	Кемелер		
1)	оның көмегімен теңізде бондық бөгеттерді орнату немесе бүйірлік жүйені немесе бүйірлік орнату және жинақтау жүйесін бекітіп қою мүмкін болатын кеме (МАТЖ-дың негізгі кемесі)	1 бірлік	жағалаулық бондық бөгетті және/немесе сорбенттерді орнату; кеме билетінің бар болуы ; "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын
2)	бондық бөгетті орнатуға арналған қосымша кеме (егер МАТЖ-дың негізгі кемесінде бүйірлік орнату және жинақтау жүйесі болмаса)	1 бірлік	а және "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын а сәйкес оның өтуі қажет болған жағдайда кемеңі техникалық куәландырудан өтуінің бар болуы; радио алмасу үшін радиобайланыстың барлық кемелерде бар болуы; негізгі орнату кемеді кран/көтергіш құрылғылардың бар болуы; пішіні "J" және "U" бондық бөгеттерді орнату кезінде қолдау
3	Жабдық		
1)	щеткалы/диск түріндегі мұнай жинақтаушы	1 бірлік қуаты - сағатына 10 тонна немесе одан жоғары	төгілген мұнайдың қасиетіне, алаңына және жай-күйіне, ауа-райы жағдайларына байланысты оның типін, түрін, қуатын және санын анықтау; ASTM F1778-07* халықаралық стандартының

			ұсынымдарына сәйкес іріктеу
2)	о р н а т у құрал-жабдықтары (катушкалар, күш агрегаттары, ауа компрессорлары және т. б.) бар бондық бөгеттер	300 м / 750 мм немесе одан жоғары	төгілген мұнайдың қасиетіне, алаңына және жай-күйіне, ауа-райы жағдайларына байланысты оның типін, түрін, қуатын және санын анықтау; ASTM F1523-94, ASTM F2683-11** халықаралық стандарттарының ұсынымдарына сәйкес іріктеу
4	Химиялық заттар		
1)	диспергенттер	0,4 м3	Қ а з а қ с т а н Республикасының Экология кодексі 398-бабының 10-тармағына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қ а з а қ с т а н Республикасының теңізінде мұнайдың авариялық төгілуін жоюға арналған диспергенттердің тізбесіне сәйкес диспергент түрін анықтау ; қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының теңізінде, және сақтық аймағында мұнайдың авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау қағидаларына сәйкес диспергенттердің қолданылуын келісу; ASTM F1413-07, ASTM F1737-2015, ASTM F2465 -05*** халықаралық стандарттарының ұсынымдарына сәйкес іріктеу диспергент: мұнай арақатынасы 1:25
5	Өзге де материалдар		

1)	Жиналған мұнайды сақтауға арналған жүзетін уақытша резервуарлар	2 бірлік 25 м3	қайта ластауға жол бермеу; жиналған мұнай мен судың мөлшерінен типін, түрін, санын анықтау
----	---	----------------	---

3- тарау. Теңіз порттары мен объектілері. Мұнай төгілуінің екінші деңгейі

№	Ресурстар	Ресурстар саны/ көлемі/ мөлшері бойынша нормативтер	Талаптар
1	2	3	4
1	Персонал		
1)	МАТЖ-ды басқару және басшылық беру персоналы	1 адам	МАТЖ-ны, бонды орнату және мұнай жинақтаушы орналастыру бойынша оқуы және дағдыларды меңгеруі туралы растауының бар болуы; арнаулы киім мен жеке қорғану құралдарымен жабдықтау; бондарды орнату үшін кеме палубасынан тартылады, сондай-ақ мұнай жинақтаушымен мұнайды жинау
2)	бондық бөгетті орнататын персонал	3 адам	
3)	жағалаулық нығыздалған бондық бөгетті орнататын персонал	2 адам	
2	Кемелер		
1)	оның көмегімен теңізде бондық бөгеттерді орнату мүмкін болатын кеме (МАТЖ-дың негізгі кемесі)	1 бірлік	бондық бөгеттерді орнату ; кеме билетінің бар болуы ; "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын а және "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын а сәйкес оның өтуі қажет болған жағдайда кемені техникалық куәландырудан өтуінің бар болуы; радио алмасу үшін радиобайланыстың барлық кемелерде бар болуы; негізгі орнату кемеді кран/көтергіш
2)	бондық бөгетті орнатуға арналған қосымша кеме (қосалқы кеме)	1 бірлік	

			құрылғылардың бар болуы; пішіні "J" және "U" бондық бөгеттерді орнату кезінде қолдау
3)	МАТЖ үшін шағын көлемді жағалаулық кеме	1 бірлік, қозғалтқыш қуаты 200 және одан жоғары ат күші	жағалаулық бондық бөгетті және (немесе) сорбенттер орнату; кеме билетінің бар болуы; ; "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оның өтуі қажет болған жағдайда кемеңі техникалық куәландырудан өтуінің бар болуы;
3	Жабдық		
1)	олеофильді (дискілі) мұнай жинақтаушы	2 бірлік қуаты 12 м3/сағ және одан жоғары	төгілген мұнайдың қасиетіне, алаңына және жай-күйіне, ауа-райы жағдайларына байланысты оның типін, түрін, қуатын және санын анықтау;
2)	мұнай жинағыштың суағар жүйесі	1 бірлік қуаты 20 м3/сағ. және одан жоғары	ASTM F1778-07* халықаралық стандартының ұсынымдарына сәйкес іріктеу
3)	мұнай жинаудың вакуумдық жүйесі	2 бірлік қуаты 12 м3/сағ. және одан жоғары, қуаты 10 м3/сағ. және одан жоғары	
4)	оларды орнатуға арналған құрал-жабдықтары (катушкалар, күш агрегаттары, ауа компрессорлар және т. б.) бар үрлеу бондық бөгеті	500 м /1100 мм немесе одан жоғары	
	пенопласттан жасалған жағалаулық бондық бөгет немесе оларды орнатуға арналған құрал-жабдықтары (катушкалар, күш		төгілген мұнайдың қасиетіне, алаңына және жай-күйіне, ауа-райы жағдайларына байланысты оның типін, түрін, қуатын және санын анықтау;

5)	агрегаттары, ауа компрессорлар және т. б.) бар үрлеу бондық бөгеті; бондардың катушкаларын тарту және бондардың камераларын толтыруға арналған шлангасы-гидравликалық жетегі бар дизельдік күштік қондырғылар	1200 м /750 мм; 400 м/ 450-550 мм	ASTM F1523-94, ASTM F2683-11** халықаралық стандарттарының ұсынымдарына сәйкес іріктеу
4	Химиялық заттар		
1)	диспергенттер	10 м3	Қазақстан Республикасының Экология кодексі 398-бабының 10-тармағына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының теңізінде мұнайдың авариялық төгілуін жоюға арналған диспергенттердің тізбесіне сәйкес диспергент түрін анықтау; қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының теңізінде және сақтық аймағында мұнайдың авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау қағидаларына сәйкес диспергенттердің қолданылуын келісу; ASTM F1413-07, ASTM F1737-2015, ASTM F2465-05*** халықаралық стандарттарының ұсынымдарына сәйкес іріктеу; диспергент: мұнай арақатынасы 1:25
5	Өзге де материалдар		
			қайта ластауға жол бермеу;

1)	жиналған мұнайды сақтауға арналған уақытша резервуарлар	4 бірлік 10 м3	жиналған мұнай мен судың мөлшерінен типін, түрін, санын анықтау
2)	генератор	1 бірлік қуаты - 4 кВА; 1 бірлік қуаты - 25 кВА	электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету.
3)	газ (газдар) детекторлары	2 бірлік	қауіпсіздік, газды табу

Ескертпе:

*ASTM F1778-07 – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен 2017 жылғы 04 сәуірде № 022/4861 тіркелген Мұнайдың авариялық төгілуін жою үшін скиммерлерді таңдау жөніндегі стандарттық басшылыққа алу құжаты;

**ASTM F1523-94 – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен 2017 жылғы 04 сәуірде № 022/4863 тіркелген Су объектілерінің жіктелуіне сәйкес бондық бөгеттерді таңдау жөніндегі стандарттық басшылыққа алу құжаты;

**ASTM F2683-11 – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен 2017 жылғы 04 сәуірде № 022/4865 тіркелген Мұнайдың авариялық төгілуін жою үшін бондық бөгеттерді таңдау жөніндегі стандарттық басшылыққа алу құжаты;

***ASTM F1413-07 – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен 2017 жылғы 04 сәуірде № 022/4856 тіркелген Мұнайдың авариялық төгілуін жою үшін диспергенттерді жағуға арналған жабдық: тозаңдау саптама қарнағы мен саптама жүйелері стандарттық басшылыққа алу құжаты;

***ASTM F1737-2015 – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен 2017 жылғы 04 сәуірде № 022/4857 тіркелген Мұнайдың авариялық төгілуін жою үшін диспергенттерді жағуға арналған жабдық: тозаңдау саптама қарнағы мен саптама жүйелері стандарттық басшылыққа алу құжаты;

***ASTM F2465-05 – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен 2017 жылғы 04 сәуірде № 022/4864 тіркелген Мұнайдың авариялық төгілуін жою үшін диспергенттерді жағуға арналған жабдық: бір нүктелі тозаңдау жүйелері стандарттық басшылыққа алу құжаты.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК